

Бурабай аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 23 желтоқсандағы № С 40/15 "
Мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы
" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 наурыздағы № 5С-2/3 шешімі. Ақмола облысы Бурабай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 19 сәуірде № 1-19-227 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 5С-14/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 29.03.2013 № 5С-14/4 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 56 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызмет Стандартының 11 тармағына сәйкес Бурабай аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Бурабай аудандық мәслихаттың «Мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» 2011 жылғы 23 желтоқсандағы № С-40/15 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-19-217 тіркелген, 2012 жылғы 9 ақпанда аудандық «Бурабай» газетінде, 2012 жылғы 9 ақпанда аудандық «Луч» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақтың 6 тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:
«Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» Республикалық Мемлекеттік қазынашылық кәсіпорнының Бурабай аудандық бөлімшесімен ұсынылған тізімдер негізінде Жеңіс күніне арналған бір жолғы ақшалай төлемдер:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 15000 (он бес мың) теңге;

жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға – 5000 (бес мың) теңге;
жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға

теңестірілген басқа тұлғалар санаттарына – 3000 (үш мың) теңге;

1, 4, 7 тармақшалар алып тасталсын.

2. Бурабай аудандық мәслихаттың аталған шешімінің қосымшасындағы әлеуметтік көмек алу үшін қажетті құжаттар тізімінің 1 және 4 тармақтары алып т а с т а л с ы н .

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң

І І с е с с и я с ы н ы ң х а т ш ы с ы

төрағасы

Р.Махаев

Аудандық мәслихаттың

Ө.Бейсенов

«КЕЛІСІЛДІ»

Бурабай ауданының әкімі

В.Балахонцев